

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/AHDL2386>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шоқубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/FXLV5040>***Ж. Ү. Калимова**Шәкәрім атындағы университеті,
Қазақстан Республикасы, Семей қ.

АНТОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

Мақалада антонимия құбылысы тіл-тілдің барлығына тән универсалды, тілдік, стильдік және логикалық табиғаты күрделі құбылыс екен және оның тілдегі, көркем әдебиеттегі қолданыс аясы жайында баяндалады. Антонимиялық қарама-қайшылықтардың тілдегі және көркем әдебиеттегі тілдің эстетикалық сипатын жүзеге асыру мақсатында жиі қолданылатын ерекше көркемдік құралдардың бірі екендігі ұлы Абайдың шығармалары негізінде жан-жақты сипатталған. Аталмыш мақалада, сондай-ақ сөз зергері Абайдың өзін қоршаған әлеуметтік ортаны, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, адамдардың түрлі мінез-құлықтары мен іс-әрекеттерін сипаттауда тілдегі мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді мен сөз оралымдарын аса ұқыптылықпен сұрыптап ала отырып, кеңінен қолданғандығы сөз болады. Сонымен қатар мақалада тілдегі антонимия құбылысының антитеза, диатеза, акротеза, альтернатеза, амфитеза, антиметабола, оксюморон сипатында болып келген түрлері және олардың стильдік қызметтері ұлы Абайдың өлеңдері мен қара сөздері негізінде жан-жақты қарастырылған. Абайдың қара сөздері қазақ әдебиеті тарихындағы бұрын соңды болмаған, ақынның тереңнен толғанған озық ойларының туындысы және аса құнды әдеби мұра болып табылады. Бұл туындылардың өзіндік тілдік және стильдік ерекшеліктері мол әрі сан қырлы. Мақалада Абайдың бірнеше қара сөздері стильдік тұрғыдан талданып, ақынның өмір құбылыстарын бейнелеп суреттеу немесе баяндап жеткізу, адамның ішкі жан дүниесін, психологиясын ашып көрсетуде антонимдік қарым-қатынастағы сөздер мен сөз тіркестерін ұтымды да шебер қолдана білгендігі баяндалады.

Кілтті сөздері: антоним сөздер, лексикалық антонимдер, фразеологиялық антонимдер, қарама-қарсы мәндер ,қарама-қайшы қатынастарды зерттеу

Кіріспе

Тіл – ғасырлар жемісі, халықтың ұлттық мұрасы. Ол халықтың рухани болмысымен біте қайнасып, өмірімен өзектесе дамып отырады. Кез келген халықтың ойлау ерекшелігі оның тілінде көрініс тауып, халық даналығы, дүние танымы, көзқарасы тілінде түйінделеді.

Шығарма тілінің нәрлі, көркем әрі сап күмістей таза болуы суреткер шеберлігіне байланысты. Осы тұрғыдан алғанда Ұлы Абайдың әдеби мұраларының маңызы мен тіл шеберлігін әлі де болса тереңірек зерттеу, танып-білу, тағылым алу бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі деуге болады. Сонымен қатар, Абайдың қара сөздері тақырыптық жағынан зерттеліп, зерделенсе де, осы бай мұраны стильдік тұрғыдан қарастырған еңбектер әлі де болса тапшы екендігін байқадық. Өскелең ұрпақты ұлы адамдардың өмірі мен шығармашылығы негізінде тәрбиелеу және терең білім беру қазіргі кезеңдегі оқыту-тәрбие үрдісіндегі аса ұтымда да, тиімді тәсіл. Әсіресе әдебиет әлеміндегі ірі тұлға Абай тағылымы, оның бай әдеби мұрасы мен оның шығармаларының тіл шеберлігі тәрбиенің де, білімнің де сарқылмас қайнар көзі екені даусыз. Абайдың мол әдеби мұрасы - жас ұрпақты адамгершілікке, ізгілікке, имандылыққа, адамды сүюге және құрметтеуге жетелейтін сара жол. Сол себепті аталмыш мақаланың тақырыбы аса өзекті де қызықты тақырыптардың бірі деп санаймыз.

Қазақтың көркем шығармаларының, өлеңдерінің сөз кестесін, суреттілігін, бейнелік сипатын сөз еткенде мағыналары бір-біріне қарама-қайшы сөздердің сырына тереңірек үңілген орынды.

Антонимдердің қарама-қарсы, бірақ бір-біріне байланысты ұғымдарды білдіретіні белгілі. «Антонимдер дүниедегі заттардың, құбылыстардың сын-сапасын, артық-кем қасиетін, мөлшер-көлемін салыстырып, бір-біріне қарама-қарсы қоюдан шығады» [1, 45].

Антонимдердің тілдік, стильдік сондай-ақ логикалық табиғаты өте күрделі. Мәселен, бір тілде бір-біріне өзара антоним болатын сөздер екінші бір тілде антонимдес болмауы мүмкін Мысалы, түркімен тілінде ұлы-кичи (ұлы-кіші) деген сөздер-бір-біріне антонимдес сөздер. Ал қазақ тілінде «кіші» деген сөзге «ұлы» сөзі антоним бола алмайды, «кішінің» антонимі «үлкен».

Антонимия (грек. anti – қарсы, onuma – атау) – бір-біріне қарама-қарсы мағыналарға ие лексикалық бірліктердің семантикалық қарым-қатынасы. Антонимия-барлық тілдерге тән универсалды құбылыс. Аталмыш құбылыстың пайда болуына адамның ой-санасының объективті дүниедегі

заттар мен құбылыстарды, ұғымдарды салыстыру және оларды бір-біріне қарама-қарсы қою қабілеті негіз болады. Атап айтқанда, антонимдер айналамызды қоршаған заттардың, түрлі құбылыстардың сапасын, сынын, үлкен-кіші, артық-кем қасиеттерін, көлемін, мөлшерін салғастыра отырып, бір-біріне қарама-қарсы коюдан пайда болады.

Қазақ тіліндегі антоним құбылысы жайлы мағлұматтармен Ж. Мусиннің «Қазақ тіліндегі антоним сөздер» атты кандидаттық диссертациясынан (Көкшетау, 1970), Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиұлының

«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» (Алматы, 1997), К. Ахановтың «Тіл білімі негіздері», «Алматы, 1993), І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі (Лексика, фонетика)» (Алматы, 1975) еңбектерінен таныспыз.

Жалпы тіл білімінде фразеологиялық антонимдердің зерттелу жайы жөнінде сөз қозғағанда, А. И. Алехинаның «Фразеологические антонимы в современном английском языке» (Челябинск, 1988), А. И. Эмированың «К изучению антономических отношении во фразеологии» (Самарканд, 1972), С. А. Барсыкьянның «К вопросу об антономии слов и фразеологических единиц в современном русском языке» (Самарканд, 1976) т.б. еңбектерді атауға болады.

Ал қазақ тіліндегі фразеологиялық антонимдер жайлы мағлұматтармен Ә. Т. Қайдаров пен Р. Е. Жайсақованың «Принципы классификации фразеологизмов и классификационные группы в казахском языке» (Алматы, 1979), Ж.К. Қонақбаеваның «Антономические фразеологизмы в английском, русском и казахском языках» (Тбилиси, 1981) тәрізді еңбектерінен және жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулықтарынан таныса аламыз.

Материалдар және әдіс-тәсілдер

Антонимия құбылысы – ең алдымен, лексикалық құбылыс. Сөйлемдердің және грамматикалық нысандардың қарама-қарсы мағынада жұмсалуды олардың құрамындағы құрамдас компоненттерінің қарама-қарсылығымен тығыз байланысты болады. Антонимдік қатардың құрамдас компоненттерін бір-біріне қарама-қарсы қызметтері белгілі бір контексте жүзеге асады.

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте антонимия құбылысына төмендегідей анықтама берілген: «Антонимия – тип семантических отношений лексических единиц, имеющих противоположные значения. Будучи категорией лексико-семантической системы языка, антонимия представляет собой одну из универсалий языковых: она свойственна всем языкам и ее единицы обнаруживают принципиально общую структуру противоположных значений и большое сходство в структурной и семантической классификации

антонимов. Существенные различия в предметах и явлениях объективного мира отражаются в языке как противоположность. А антонимия представляет собой противоположность внутри одной сущности [2, 37].

Сөздердің бір-бірімен антонимдік қатынасқа түсу қабілеті жөнінде Н. М. Шанский төмендегідей пікір білдіреді: «В антономические отношения вступают далеко не все слова. Чаще всего в антономические противопоставления входят такие слова, которые обозначают качественные, количественные, временные или пространственные отношения» [3, 65].

Антонимия құбылысы тек лексиканы ғана емес, фразеологизмдерді де қамтиды. Өйткені фразеологизмдер көп жағдайда сапалық-бағалық сипатта (антонимдер де өзара тепе-тең сапалық ұғымдарды білдіреді) қолданылғандықтан, көптеген фразеологиялық тіркестер бір-біріне қарама-қарсы мәнде жұмсала береді: *қара дауыл – қоңыр самал, қоңыр дауыс – тарғыл дауыс т.б.*

Антонимдік қатынастар фразеологизмдерге тән болғанымен, фразеологиялық антонимдердің тілдегі қолданылу аясы лексикалық антонимдерге қарағанда әлдеқайда тар. Лексикалық антонимдердің пайда болуындағы негізгі шарт – олардың мағыналары бір-біріне қарама-қайшы болуы. Дегенмен, кез келген қарсылықты мәнді сөздер бір-бірімен антонимдік қатынасқа түсе бермейді. Мәселен, фразеологиялық антонимдердің жасалуы кезінде әдетте төмендегідей шарт сақталады:

1) Антонимдік қатынасқа түсу үшін екі немесе одан да көп фразеологиялық тіркестердің қарама-қайшы мағыналары олардың бастапқы құрылымдық-грамматикалық формаларында сақталуы қажет (*қара жүрек – ақ жүрек, ақ ниет – қара ниет*).

2) Бір фразеологиялық тіркестердің құрамдас сыңарлары екінші бір фразеологиялық тіркестердің сыңарларымен көп жағдайда қарама-қарсы мәнде жұмсалып, соның нәтижесінде бірінші тұрақты тіркестің бүтіндей мағынасы екінші тіркестің мәніне қарама-қайшы келеді. Мәселен, *аузынан ақ май ағу – аузы аққа жарымау т.б.* Сондай-ақ фразеологиялық антонимдердің пайда болуына қандай да бір тіркестердің антонимдік қатынасқа түспей-ақ, фразеологизмдердің бүтіндей мағыналарының өзара қарама-қайшы болып келуі де себеп болады. Мәселен, *сары езу(жас) – сары жілік(егде), ала жібін аттамау – сары ізіне шөп салды* (жамандық жасады).

Абай шығармаларындағы антонимия құбылысының қолданылу ерекшеліктерін зерттеу және сипаттау барысында лингвистикалық әдістің бірнеше түрі, атап айтқанда, *сипаттамалы немесе синхрондық әдіс, салыстырмалы, құрылымдық және стилистикалық әдістер* қолданылды. Жалпы шығарманың стилі дегеніміз белгілі бір тілдегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тәсілдердің қолданылу принциптері.

Бұл ретте аталмыш мақалада тіліміздегі антонимдер мен оның түрлері, дәлірек айтқанда, лексикалық антонимдер мен фразеологиялық антонимдер, түбір антонимдер мен туынды антонимдер көбірек көрініс тапты. Абай шығармаларында антонимдердің қолданылу сипатын айқындауда, сондай-ақ, нысанға алып отырған тілдік бірліктерді бақылау, фактілік материалдарды талдау әдісі, модельдеу және құрамдас бірліктерге талдау әдістері де пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Антонимиялық қарама-қайшылықтар-көркем әдебиетте тілдің эстетикалық сипатын жүзеге асыру мақсатында кең қолданылатын ерекше көркемдік құралдардың бірі. Антонимия құбылысының антитеза, диатеза, акротеза, альтернатеза, амфитеза, антиметабола, оксюморон сипатында болып келген түрлерінің тілдегі, көркем әдебиеттегі стиждік қызметтері айрықша.

Антонимдерді ұтымды қолдану нәтижесінде айтайын деген ойды мейлінше көркем де әсерлі, мәнерлі де айшықты түрде жеткізуге болатындығын ұлы ақын Абай шығармаларынан айқын көруге болады.

Мәселен, *Ішім өлген, сыртым сау...* (Абай)

Немесе: *Кім жас, кім қарт,*

Уақыт өзі іріктер... (М. Шаханов)

Сондай-ақ Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат,

Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат. (Абай)

Иә болмаса, Мұны тапсын ойланып, ақын деңіз,

Таба алмасам, ақылды болар неміз.

Қыс пен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп,

Жақсылық пен жамандық болады егіз. (Абай)

Тілдегі қосұдай құбылысты салыстыра отырып, қарама-қарсы қойып шендестіру барында антитеза жиі көрініс табады.

Антитеза – гректің ‘antithesis’ қарама-қайшылық деген сөзінен алынған. Қысқаша энциклопедияда антитеза құбылысына төмендегідей анықтама берілген: «Антитеза – стилистическая фигура, основанная на резком противопоставлении образов и понятий. Она строится на столкновении антонимов или слов, становящихся антонимами в определенном контексте» [4,126]. Антитеза көркем шығарма тіліне ерекше өң беріп, өзгеше динамикалық сипат бітіреді.

Антитеза салғастыруға негізделгендіктен салғастырып отырған екі немесе одан да көп заттың немесе құбылыстың контексте қатар қолданылуы қажет. Бұл шарт бұзылса, антитеза бола алмайды. Өйткені екі мүшенің бірі болмаса, салыстыру да болмайтыны белгілі.

Осы орайда Абай өлендерінен төмендегі шумақтарды келтіруге болады:

Қар – анпақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
 Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай).
Немесе, Анпақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шапш қызыл жүзді жасырғанда (Абай).
 Сондай-ақ Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
 Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды (Абай).

Антитеза құрылымдық жағынан әр қилы болып келуімен ерекшеленеді. Қазақ тілінде кей жағдайда қарама-қарсы мәндегі лексемалар ыңғайластық жалғаулықтар арқылы жасалады. Мәселен,

Ынсапсызға не керек
 Істің ақ пен қарасы (Абай).

Антитеза бірнеше қарама-қарсы мәндегі жұптардан тұратын құрылымдар болып келуі де мүмкін.

Мысалы, Ішім өлген, сыртым сау,
 Көрінгенге деймін-ау.
 Бүгінгі дос, ертең жау,
 Мен не қылдым, япыпм-ау? (Абай).

Бұл өлең жолдарындағы екі жұп оппозициядан тұратын екі антитеза бар: ішім – сыртым, өлген – сау, бүгінгі – ертең, дос – жау.

Түр-түсті білдіретін лексикалық бірліктер тура немесе ауыс мағыналарда жұмсалып, толып жатқан лексика-семантикалық қасиеттерді сипаттау үшін жұмсалады. Қазақ тілінде антонимдік мағынада жұмсалатын түстер – ақ және қара. Мәселен, қара сақал – ақ сақал, ақ тілек – қара тілек т.б. Алайда контексте басқа түстер де стильдік мақсат үшін антонимдік ыңғайда қолданыла береді. Түр-түстің атауларының негізгі стильдік қызметтерінің бірі – сұлулықты суреттеу. Әсемдік, әдемілік, сұлулық нышандары антонимдік түстер арқылы әсерлі де тартымды болып, түрлі бояулармен өрілген тамаша бейне жасалады. Мәселен,

Қыз Жібектің ақтығы
 Наурыздың ақша қарындай.
 Ақ бетінің қызылы
 Ақ тауықтың қанындай.

Мұндағы «ақ» және «қызыл» сөздері шендестіру яғни антитеза нәтижесінде бір-бірімен антонимдік қатынасқа түсіп тұр.

Акротеза (грек. акро – үсті) – қарама-қарсы ұғымдарды теріске шығару арқылы болмыстағы белгілі бір құбылыстарды немесе нысандарды мақұлдау.

Акротеза моделі:

- + + -
 А – В немесе А – В

Қазақ тілінде теріске шығару тәсілі ретінде төмендегі тәсілдер қолданылады:

а) емес көмекші етістігі немесе жоқ сөзі:

Темір болғанда жай темір емес, асыл, құрыш темір

(С. Сейфуллин).

Жүзіне қарасам, ойыны жоқ, шын сөзі екен (С. Шаймерденов).

ә) -ма, ме; - ба, -бе; - па, - пе болымсыздық жұрнақтары арқылы:

Кеш, тәңірім, сорлы құлға қаһар етпе

Рахым қыл, біз сорлыны шетке теппе (М. Жұмабаев).

Акротеза компоненттері қарама-қарсы мәндегі лексемалар да болуы мүмкін. Мәселен, *Алыс емес*, жақын жер,

Менің жауға барғаным (Қобланды).

Абай шығармаларында акротезаны көбінесе мағыналық антонимиялық құрылымдар құрайды. Мағыналық антонимиялық қарама-қарсылық дегеніміз – екі немесе одан да көп лексемаларды қарама-қарсы қойып, ассоциациялық тілдік қарама-қарсылықтарды жүзеге асыру. Мұндай жағдайда қарама-қарсы мәндегі лексемалар бір рет қана қолданылады және оларға қарама-қарсы ұғымдардың немесе бірліктердің міндетті түрде болуы шарт. Осыған орай мұндай лексемалар контекстен тыс екінші рет қолданылмайды. Мәселен, *Пайда ойлама, ар ойла* (Абай).

Немесе, Бұл сөзді *тақсыр* ұқпас, *таланты* ұғар (Абай).

Антонимдік қатардың шеткі мүшелерін теріске шығарып, ортаңғы мүшенің нысанын мақұлдайтын стильдік құрал диатеза деп аталады (гректің *dia* – арасында деген мәнді білдіреді). Оны мынандай формулада беруге болады:

- + -

А – С – В Мысалы:

Ауру да емес, *сау да* емес,

Құрыды әл *куатым* (Абай).

Немесе:

Сораңы ұзын да емес, *қысқа да* емес,

Нәзік бел тал шыбықтай бұраңдайды (Абай).

Мұнда диатезаны құрайтын формальді тәсіл ретінде қайталанып келген сөз таптары және «емес» көмекші етістікті тіркес пен «де» жалғаулығы қолданылып тұр.

Альтернатезаның қызметі қарама-қарсы құбылыстардың бірін шешімді түрде қабылдау болса, кей жағдайда автор қарама-қарсы қойылған құбылыстарды қалай бағалу немесе таңдау керектігі жөнінде бір шешімге келе алмайды.

Мәселен, Адамзат тірлікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп,
Не қорлық, құр қылжаңмен күн өткізбек?

Антонимдік қарама-қарсылықтар бір құбылыстың оған қарама-қарсы басқа құбылысқа айналуын, белгілі бір қасиеттің оған қарама-қарсы сипатқа ауысуын көрсету үшін қолданылады. Мұндай стилистикалық амал антиметабола (грек. anti – қарсы, metabole – ауысу, өзгеру) деп аталады. Оның формальді көрсеткіші ретінде сызықша қолданылады.

Мысалы: Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек,
Ашуың – ашыған у, ойың – кермек. (Абай).

Тілімізде жеке тұрғанда антоним бола алмайтын сөздер ақын-жазушылар шығармалырында қолданылу ретіне қарай бір-біріне қарсы мағынада жұмсала беруі қалыпты жағдай. Мұндай сөздердегі мағына қарама-қарсылығы көбінесе контекстке телулі болады.

Мәселен, Бақпен асқан патшадан,
Миен асқан қара артық.
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық (Абай).

Бір-біріне қарама-қарсы сөздерді көркем де ұтымды қолдану жағдайларын Абайдың қара сөздерінен көптеп кездестіруге болады.

Ұлы ақын өлең шығармаларында айшықтай өрнектеген ой-тұжырымдарын одан әрі қара сөздерінде келесі бір сипатта жаңаша өрбітеді. Абай оқырмандармен, көпшілік тыңдаушымен сұқбаттаса отырып, әңгіме барысында адамгершілік, еңбекті бағалау, әділет, турашылдық, ғылымға құмарлық, күнәсіздік тәрізді құндықтарды сипаттайды. Сондай-ақ, керісінше, аярлық, мансапқорлық, пасықтық, арамтамақтық, еріншектік сияқты адамгершіліктің қас жауы болып табылатын жаман қасиеттерді баяндай отырып, осындай жағымсыз мінездерден аулақ болуға шақырып, өз ой-пікірін тыңдаушысының, оқырмандарының санасына жеткізуді мақсат етеді. Ақын тыңдаушысымен сырласқандай, пікір алысып отырғандай әсер қалдырады. Мәселен, Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді – бұлар неліктен? – десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратуынан, бұрынғысынша болған іс деп (Жиырма сегізінші сөз). Иә болмаса, Түзікті бейіске шығарамын, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейірлендіріп, біреуін жаманшылыққа мейірлендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жамандыққа бұрып жіберіп тұрады екен (Жиырма сезізінші сөз).

Қорыта айтқанда, Абай өз өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқының ой-санасын, наным-сенімін, тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, өзін қоршаған әлеуметтік ортаның адамгершілік қасиеттерін, мінез-құлқын, ой-санасы жайлы түсінігін, ой-тұжырымдарын адами қасиеттер тұрғысынан терең жан-жақты талдап, толық та нақты мінездеме берген.

Қорытынды

Антонимдік қатынастар – көркем шығармаларда карама- қарсылық мәндерді сипаттау үшін кең түрде қолданылып, ерекше стильдік қызмет атқаратыны айқын. Кез келген көркем шығарма қандай да бір тілдік көркем құралдарды қолдану нәтижесінде оқырманның ой-санасына, сезіміне ерекше әсер ететіні белгілі. Осы орайда тілдегі ерекше көркемдеуіш құралдардың бірі – антоним сөздердің алатын орны айрықша.

Антоним сөздердің карама-қайшылықты мәні әсіресе олар бір сөйлем ішінде қатар қолданылған кезде айқын байқалады. Сондай-ақ, бұл орайда келесі бір назар аударарлық жағдай - антонимдердің тілдегі қызметінен карама-қарсы ұғымдағы сөздердің оқиғаға бірдей дәрежеде қатынасынын байқауға болады. Мұндай жағдайда антоним сөздердің мағыналық тұрғыдан қара-қайшылығы айрықша көзге түсіп, ақын-жазушылардың айтайын деген ойын айшықты да мәнерлі түрде жеткізуінің белсенді құралы ретінде қолданылады.

Антонимдер үнемі бір-бірімен қарсылықты мағанада қолданыла келе логикалық тұрғыдан бір-бірімен жымдаса келе, бір ғана жалпылау, жинақтау, болжалдау, топшылау тәрізді жалпылама ұғымды беру қызметін атқарады.

Фразеологиялық бірліктердің антонимдік қатынасқа түсуі лексикалық антономимдердің антонимдік қатынасқа түсу жағдайына ұқсас болып келеді. Лексикалық фразеологизмдердің және фразеологиялық антонимдердің өзара ұқсастықтарынан басқа айтарлықтай айырмашылықтары да бар. Фразеологиялық антонимдер өзіне тән айрықша белгілерімен ерекшеленеді және қолданылу аясы лексикалық антонимдерге қарағанда әлдеқайда тар болып келеді.

Олардың арасындағы басты айырмашылық-фразеологиялық антонимдерде антонимдік қатынасқа түсетін жеке сөздер емес, сөз тіркестері болып табылады. Тіпті кей жағдайда фразеологиялық антонимдердің құрамдас компоненттері бір-бірімен антонимдік қатынаста жұмсалмауы да мүмкін.

Фразеологиялық антонимдердің тағы бір басты ерекшелігі - олардың антонимдік қатынасқа түсіп тұрған сыңарларының мағыналық жағынан біртұтас болып келуі.

Антонимдер тіл табиғатында терең тамыр тартқан, қазақ тілінің бай сөздік қорында басқа да лексикалық бірліктер сияқты сан құбылып, алуан түрленіп, әлденеше қырынан көрініс беретін икемді де, оралымды, өріс аумағы кең, стильдік мүмкіншілігі мол тілдік құбылыс болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Болғанбаев, Ә.** Қазақ тілінің лексикологиясы : монография [Текст]. – Алматы : Мектеп, 1988. – 147 б.
- 2 Лингвистический энциклопедический словарь [Текст]. – М. : Изд-во Советская энциклопедия, 1990. – 688 с.
- 3 **Шанский, Н. М.** Лексикология современного русского языка: монография [Текст]. – 4-е изд., доп. – М. : Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2009. – 312 с.
- 4 Краткая энциклопедия Казахской ССР [Текст]. Т. 4. – Алматы, 1991. – 685 с.
- 5 Абай, Өлеңдер [Текст]. – Алматы : Жазушы, 1978. – 239 б.
- 6 **Аханов, К.** Тіл білімінің негіздері : монография [Текст]. – 2-ші басылым. – Алматы : Мектеп, – 1978. – 495 б.
- 7 **Иванова, В. А.** Анионимия в системе языка [Текст]. – Кишинев, 1981. – 161 с.
- 8 **Конакбаева, Ж. К.** Антономические фразеосочетания в английском, русском и казахском языках : автореф. дисс. канд. филол. наук [Текст]. – Тбилиси, 1981. – 31 с.
- 9 **Миллер, Е. И.** Природа лексической и фразеологической антонимии [Текст]. – Саратов : Изд-во Саратовского университета, 1990. – 224 с.
- 10 **Мусин, Ж.** Қазақ тіліндегі антонимдік контекстер туралы [Текст].// Қазақ филологиясы. – 4-ші кітап, – Алматы : 1977. –Б. 75–79.
- 11 **Эмирова, Л. И.** К изучению антонимических отношении [Текст].// Вопросы фразеологии. Труды Сам ГУ им. Новаи. – Вып. 219. – Самарканд : 1973. – С. 189–193.

REFERENCES

- 1 **Bolganbayev, Ä.** Qazaq tiliniñ leksikologiasy: monografia [Lexicology of the Kazakh language : monograph] [Text]. – Almaty : Mektep, 1988.–147 p.
- 2 Lingvisticheskii entsiklopedicheskii slovar [Linguistic encyclopedic dictionary] [Text]. – Moscow : Soviet Encyclopedia, 1990 – 688 p.
- 3 **Şanskii, N. M.** Leksikologia sovremennogo russkogo iazyka : monografia [Lexicology of the Modern Russian language : monograph] [Text]. – 4-e izd. – Moscow, Publishing house of Librokom, 4th edition. – Moscow, 2003. – 312 p.
- 4 Kratkaiia entsiklopedia Kazahskoi SSR [Short encyclopedia of Kazakh SSR] [Text]. –Vol. 4. – Almaty, 1991. – 685 p.
- 5 Abai, Öleñderi [Poems of Abai] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 1978. – 239 p.

6 **Ahanov, K.** Til bilimining negizderi : monografiya [Fundamentals of linguistics: monograph] [Text]. – 2-ші басылым. – Almaty : Mektep, 1978. – 495 p.

7 **Ivanova, V. A.** Antonomia v sisteme iazyka [Antonymy in the language system] [Text]. – Kishinev, 1981. – 161 p.

8 **Konakbayeva, J. K.** Antonomicheskie frazsochetania v angliiskom, russkom i kazahskom iazykah : avtoref. diss.kand.filol. nauk [Antonymic phraseological combinations in the English, Russian and Kazakh languages : author's abstract of diss. of cand. of philol. science] [Text]. – Tbilisy, 1981. – 31 p.

9 **Miller, E. I.** Priroda leksicheskoi i fraseologicheskoi antonomii [Nature of lexical and phraseological antonymy] [Text]. – Saratov : Publishing house of Saratov University, 1990. – 224 p.

10 **Musin, J.** Qazaq tilindegi antonimdik kontekster [Antonymic contexts in the Kazakh language] [Text]. // Qazaq filologiasy. – 4- ši kitap, – Almaty : 1977. – P. 75–79.

11 **Emirova, L.V.** K izucheniu antonomicheskikh otnoshenii [To the study of antonymic relations] [Text] // Voprosy frazeologii. Trudy Sam GU im. Novai. – Vyp. 219. – Samarkand : 1973. – P. 189–193.

Материал баспаға 13.06.22 түсті.

*Ж. У. Калимова

Университет имени Шакарима, Республика Казахстан, г. Семей.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ЯВЛЕНИЕ АНТОНИМИИ И ЕЕ ПРОЯВЛЕНИЕ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ

В статье рассматривается проблема антонимии, как свойственное всем языкам языковое явление, со сложными лингвистическими, стилистическими и универсальными особенностями и сфера ее функционирования в языке и художественной литературе. На основе произведения великого Абая автором всесоронне описан противоречивый характер антонимов, как один из особенных выразительных средств, широко используемый для реализации эстетической и стилистической природы языка в художественной литературе. В статье также говорится о том, как Абай тщательно отбирал и использовал слова и выражения с противоположными значениями при описании социальной среды того времени, быта казахского народа, различных форм поведения и поступков людей. Также подробно рассмотрены виды антонимии в рамках антитезы, диатезы, акротезы, альтернативы, амфитезы, антиметаболы, оксюморона и их стилистические функции

на основе стихов и изречений великого Абая. Слова назидания Абая – беспрецедентное явление в истории казахской литературы и является очень ценным литературным наследием, где нашли отражения глубокие мысли и идеи поэта. В статье проанализированы несколько слов назидания Абая и описано умение поэта рационально и умело использовать антонимы и антонимичные словосочетания для повествования явлений человеческой жизни, раскрытия внутреннего мира и психологии человека.

Ключевые слова: антонимы, лексические антонимы, фразеологические антонимы, противоположные значения, исследование противоречивых отношений.

**Zh. U. Kalimova*

Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey

Material received on 13.06.22.

THE PROBLEM OF ANTONYMY AND ITS USE IN THE WORKS OF ABAI

The article is devoted to the problem of antonymy as a linguistic phenomenon characteristic of all languages, with complex linguistic, stylistic and universal features and the scope of its use in language and fiction. The contradictory nature of antonyms as one of the original expressive means of the language is thoroughly described on the basis of the works of the great Abai. Antonyms are widely used to express the esthetic and stylistic nature of language in fiction. The article also deals with the way Abai carefully selects and uses words and expressions with opposite meanings in describing the social life of that time, the life of the Kazakh people, various types of behavior and actions of people. Different types of antonymy within the framework of antithesis, diathesis, acrotheses, alternatives, antitheses, antimetabols, oxymoron and their stylistic functions based on the poems and sayings of Abai are also described in detail in this article. Abai's didactic words are considered to be an unprecedented work in the history of Kazakh literature. It is a valuable literary heritage, which reflects the deep thoughts and ideas of the poet. The article touches upon some didactic words of Abai and draws the reader's attention to the poet's ability of using antonyms and antonymic phrases rationally and skillfully to describe the human life, to reveal the inner world of people and human psychology.

Keywords: antonyms, lexical antonyms, phraseological antonyms, contrary meanings, investigation of contradictory relations.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
2,19 МБ RAM
Шартты баспа табағы 18,65. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3937

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.
Электронное издание
2,19 МБ RAM
Усл. печ. л. 18,65. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3937

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz